

**Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі  
Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің мәселелері**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 3 шілде N 634. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.01.11. N 45 қаулысымен. ~P000045

"Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 10 қазандағы N 3655 К973655\_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті туралы ереже;

2) Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті құрылымы;

3) Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетіне ведомстволық бағынысты мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесі бекітілсін.

2. Комитеттің аппаратын және оның мемлекеттік қадағалау жөніндегі аумақтық бөлімшелерін қаржыландыру республикалық бюджеттің есебінен жүзеге асырылады деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Тауарлардың шығу тегі туралы сертификатты беру және куәландыру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 29 маусымдағы N 889 қаулысына P950889\_ (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 22, 257 - құжат):

1-тармақтағы "Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті" деген сөздермен ауыстырылсын.

2) "Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 маусымдағы N 790 P960790\_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 29, 256-құжат):

аталған қаулымен бекітілген Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесінде:

"Қазақстан Республикасының Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі агенттігі" деген бөлім мынадай редакцияда жазылсын: "Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті". 3) "Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 23 мамырдағы N 875 қаулысына P970875\_ (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 21, 189-құжат): 1-тармақтың күші жойылған деп танылсын. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 3 шілдедегі N 634 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті (Мемстандарт) туралы ЕРЕЖЕ Миссиясы Қоршаған ортаның, тауарлардың, процестер мен қызмет көрсетулердің қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз ету, ғылымның, өнеркәсіптің және ауыл шаруашылығының жұмыс істеуінің тиімділігін арттыру.

## 1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Комитет) стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы заң актілеріне сәйкес арнай атқарушылық, бақылау және қадағалау функцияларын дербес жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады.

Комитет Қазақстан Республикасында стандарттауды, метрологияны және сертификаттауды ұйымдастыруды қамтамасыз етеді, осы саладағы салааралық үйлестіру мен басшылықты жүзеге асырады, стандарттауды, метрологияны және сертификаттауды жетілдірудің бірыңғай ғылыми-техникалық саясаты мен бағдарламаларын іске асырады.

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі туралы ережеге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитеттің аппараты мен оның: стандарттардың, техникалық шарттардың, метрологиялық ережелердің сақталуын және өлшем құралдарының жай-күйі мен қолданылуын мемлекеттік қадағалау жөніндегі аумақтық бөлімшелерін (бұдан әрі - аумақтық бөлімшелер) ұстауға арналған шығыстарды қаржыландыру

республикалық бюджеттің есебінен жүзеге асырылады.

4. Комитет заңды тұлға болып табылады, оның Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік тілде өзінің атауы жазылған мөрі, банкте шоттары, тексеру, сертификаттау жұмыстарын, өлшем құралдарының сериялық шығарылымын тіркеу мен куәландыруға және басқа да мақсаттарға арналған арнайы белгісі мен мөртабаны болады. II. Басымдықтары 5. Комитеттің негізгі басымдықты бағыттары: 1) салауатты өмір салты; 2) жоғары сапалы тамақтану және таза су; 3) қолайлы және қауіпсіз қоршаған орта; 4) білім мен ғылымның халықаралық деңгейі; 5) табиғи ресурстарды тепе-теңдікте п а й д а л а н у ;

б) энергетиканың, өнеркәсіптің және ауыл шаруашылығының бәсекеге қабілетті өнімдері стандарттарын әзірлеу, енгізу және олардың сақталуына бақылау жасау болып табылады.

### III. Комитеттің негізгі міндеттері

#### 6. Комитеттің негізгі міндеттері:

1) стандарттау, метрология және сертификаттау саласында бірыңғай ғылыми-техникалық саясат жүргізу;

2) орталық және жергілікті атқарушы органдардың, шаруашылық жүргізуші субъектілердің стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы қызметін үйлестіру; 3) ғылым мен техника жетістіктерінің негізінде мемлекеттік стандарттар қорын қалыптастыру, мемлекеттік стандарттарды халықаралық талаптармен үйлестіру; 4) өлшем құралдары паркін жаңарту және эталондық базаны кеңейту; 5) Қазақстан Республикасының негізге алынатын мемлекеттік стандарттарын әзірлеу; 6) стандарттау, метрология және сертификаттау саласында білікті кадрлар даярлау. IV. Комитеттің функциялары 7. Комитет өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

1) орталық және жергілікті атқарушы органдармен, басқа заңды, сондай-ақ жеке тұлғалармен стандарттау мен сертификаттаудың халықаралық, мемлекетаралық және мемлекеттік жүйелерінің жұмыс істеуін, өлшемдердің біртұтастығын, техникалық-экономикалық және әлеуметтік ақпаратты жіктеу мен кодтауды, өнімді штрихтық кодтау мен каталогтандыруды қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты үйлестіреді;

2) стандарттау, метрология және сертификаттау саласында халықаралық талаптарға сәйкес бірыңғай ғылыми-техникалық саясатты жүзеге асырады;

3) халықаралық тәжірибені ескере отырып, стандарттаудың мемлекеттік жүйесін, өнімдер мен қызмет көрсетулерді өлшеу мен сертификаттаудың біртұтастығын жетілдіреді және дамытады;

4) физикалық шамалар бірліктерінің эталондық базасын жетілдіреді және қ о л д а й д ы ;

5) Қазақстан Республикасының негізге алынатын мемлекеттік стандарттарын әзірлеуді ұйымдастырады, Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттарын тиісті халықаралық, аймақтық және мемлекетаралық стандарттармен ү й л е с т і р е д і ;

6) заңды және жеке тұлғалардың өлшем құралдарын шығару, тексеру, жөндеу , сату, және жалға беру, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін бейнелейтін конституциялық айқындалған материалдық-бейнелеу нысандарын шығару жөніндегі қызметін лицензиялайды және олардың мемлекеттік тізілімін ж ү р г і з е д і ;

7) стандарттау, метрология, сертификаттау, сапа жүйесі, мемлекеттік қадағалау және инспекциялық бақылау саласында мамандарды даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асырады;

8) саудадағы техникалық кедергілерді жою мақсатында стандарттау, метрология және сертификаттау саласында халықаралық ғылыми-техникалық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

9) Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттарын және стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі басқа да нормативтік актілерін әзірлеуді, қайта қарауды ұйымдастырады, сондай-ақ сараптауды, бекітуді және т і р к е у д і жүзеге асырады ;

10) Қазақстан Республикасының мемлекетаралық, аймақтық, халықаралық және басқа елдердің ұлттық стандарттарының мемлекеттік қорын қалыптастырады және жүргізеді.

11) Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттарын, мемлекетаралық стандарттарды, сондай-ақ стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі халықаралық ұйымдардың ережелері мен ұсынымдарын басып шығаруды, қайта басып шығаруды және таратуды жүзеге асырады;

12) орталық, жергілікті атқарушы органдарға, басқа да ұйымдарға өнімдерге және шығарылатын өлшем құралдарына арналған, тіркелген нормативтік актілер туралы, сондай-ақ стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы нормативтік актілер талаптарының өзгерістері туралы хабарлайды;

13) халықаралық ұйымдарға мүше елдерге Қазақстанның пікірі бойынша сауда қатынастарында техникалық кедергілер келтіруі мүмкін әзірленіп жатқан жобалар мен қолданылып жүрген нормативтік құжаттарға түсіндірмелер ( п і к і р л е р ) ж о л д а й д ы ;

14) тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) сапасына, стандарттар мен техникалық шарттардың, метрологиялық ережелердің сақталуына, өлшем құралдарының жай-күйі мен қолданылуына мемлекеттік

қадағалауды, сондай-ақ сертификаттау жөніндегі органдар мен сынақ зертханаларының (орталықтарының) қызметіне инспекциялық бақылауды жүзеге асырады;

15) тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) және сапа жүйесін сертификаттау, шыққан елін анықтау бойынша сертификаттау, сертификаттау жөніндегі органдары, сынақ зертханаларын (орталықтарын) аккредитациялау мен тіркеу жөніндегі жұмыстарды жүргізеді;

16) ұйымдарға, оның ішінде халықаралық, аймақтық және ұлттық ұйымдарға сертификаттау жөніндегі аккредитацияланған органдар, сынақ зертханалары (орталықтары), сертификатталатын өнімдер және сертификатталған сапа жүйелері туралы хабарлайды;

17) қолдануға рұқсат етілген өлшем құралдарын, стандарттық үлгілерді, тіркелген тексеру зертханалары мен метрологиялық қызметтердің, аккредитацияланған сынақ зертханалары (орталықтары) мен сертификаттау жөніндегі органдардың, сарапшы-аудиторлардың мемлекеттік тізілімін жүргізуді жүзеге асырады;

18) метрологиялық қызметтердің, заттар мен материалдардың стандарттық үлгілері қызметтерінің жұмыс істеуін ұйымдастырады;

19) Қазақстан Республикасында шығарылған және импортталған өлшем құралдарына мемлекеттік сынақтар, өлшем құралдары мен өлшем жүйелеріне мемлекеттік тексеруді және оларды метрологиялық аттестаттауды жүргізеді;

20) Қазақстан Республикасының заңдарында өзіне жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

## V. Комитеттің құқықтары мен жауапкершілігі

8. Комитеттің өзіне жүктелген тапсырмаларды жүзеге асыруы және міндеттерді орындауы кезінде:

1) стандарттау, метрология және сертификаттау, мемлекеттік қадағалау, лицензиялау және инспекциялық бақылау жөніндегі нормативтік құқықтық актілер мен әдістемелік құжаттардың жобаларын әзірлеуге қатысуға;

2) халықаралық, мемлекетаралық және мемлекеттік стандарттау, сертификаттау және өлшемдер біртұтастығы жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін орталық, жергілікті атқарушы органдарға және басқа да ұйымдарға ұйымдастыру-әдістемелік басшылықты және олардың қызметін үйлестіруді жүзеге асыруға қатысуға;

3) өз құзыретінің шегінде шет елдердің тиісті ведомстволарымен, халықаралық ұйымдармен және шет елдің заңды тұлғаларымен стандарттау, метрология және сертификаттау мәселелері бойынша халықаралық шарттар

жасасуға, келіссөздер жүргізуге және келісімдерге қол қоюға;

4) өз құзыретінің шегінде орындалуы міндетті нұсқаулар беруге және шешімдер қабылдауға, заңдарда белгіленген тәртіппен стандарттау, метрология және сертификаттау жөнінде нормативтік құқықтық актілер шығаруға;

5) Комитетке жүктелген міндеттерді орындау үшін меншік нысандарына қарамастан заңды тұлғаларға белгіленген тәртіппен баруға;

6) стандарттардың талаптары мен техникалық шарттардың, метрологиялық ережелер мен сертификаттау жөніндегі ережелердің бұзылуы фактілері анықталған кезде заңдарда белгіленген шаралар қолдануға;

7) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен сатуға және тұтынуға жарамсыз деп таныған жағдайларда өнімдер мен тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) жою туралы немесе одан әрі қайта өңдеу туралы шешімдер қабылдауға;

8) белгіленген тәртіппен басқа мемлекеттік органдарының мамандары, сондай-ақ шетелдік және жергілікті сарапшылар мен мамандарды стандарттау, метрология және сертификаттау саласында бірлесіп жұмыс істеуге тартуға;

9) өнімге, сапа, өндіріс жүйелеріне, сертификаттар беруге және өлшем құралдарының үлгілерін бекітуге;

10) тауардың шыққан елін айқындау жөнінде сертификаттар беруге;

11) сертификаттау жөніндегі органдар мен сынақ зертханаларына (орталықтарына) белгіленген үлгідегі аккредитация аттестаттарын беруге;

12) заңдарда белгіленген тәртіппен бекітілген номенклатуралар және қызметтің түрлері бойынша лицензиялар беруге;

13) шетелдік сертификаттарды, сәйкестік белгілерін танудың ережелерін белгілеуге, Қазақстан Республикасының мемлекеттік сертификаттау жүйесінде шетелдік сынақ орталықтарын, тексеру зертханаларын және сертификаттау жөніндегі органдарын аккредитациялауға;

14) мемлекеттік органдармен және басқа да заңды тұлғалармен бірлесіп стандарттарды әзірлеу жөніндегі техникалық комитеттер құруға;

15) өз құзыретінің шегінде жүргізілген тексерулердің нәтижелері бойынша заңды тұлғаларға әкімшілік және экономикалық санкциялар, сондай-ақ заңдарда белгіленген басқа да ықпал ету шараларын қолдану немесе тоқтату жөнінде шешімдер қабылдауға;

16) мемлекеттік кәсіпорындардың құрылтайшысы болуға, олардың жарғыларын бекітуге және оларға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыруға құқығы бар.

9. Өзіне жүктелген міндеттерді орындаудың уақытылығы мен сапасы үшін Комитет Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікте болады

## VI. Комитеттің қызметін ұйымдастыру

10. Комитетті Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Төраға басқарады. Төраға сонымен бір уақытта Қазақстан Республикасының Стандарттарды және өлшем құралдарын қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы болып табылады.

Төраға Комитеттің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды, ведомстволық бағынысты кәсіпорындардың қызметіне бақылау жасауды жүзеге асырады, Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуы және оның өз функцияларын жүзеге асыруы, стратегиялық тұрғыдағы тапсырмаларды орындауы үшін жеке жауапкершілікте болады.

11. Комитет төрағасының орынбасарын - басқарма бастығын Комитет Төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрі қызметке тағайындайды және қызметтен б о с а т а д ы .

### 12. Комитеттің Төрағасы:

1) өз орынбасарының, құрылымдық, аумақтық бөлімшелер басшыларының, Комитеттің басқа да жауапты қызметкерлерінің, сондай-ақ Комитеттің ведомстволық бағынысты кәсіпорындары басшыларының міндеттері мен жауаптылық дәрежесін белгілейді;

2) мемлекеттік органдарда және басқа ұйымдарда Комитетті білдіреді;

3) Комитеттің құрылымдық, аумақтық бөлімшелері мен оған ведомстволық бағынысты мемлекеттік кәсіпорындардың қызметін үйлестіреді және бақылайды;

4) Комитет аппаратының және аумақтық бөлімшелерінің қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

5) ведомстволық бағынысты мемлекеттік кәсіпорындардың басшыларын қызмет тағайындайды және қызметтен босатады;

6) Комитеттің құрылымдық және аумақтық бөлімшелері туралы ережелері, сондай-ақ Комитетке ведомстволық бағынысты мемлекеттік кәсіпорындардың құрылымы мен жарғыларын бекітеді;

7) өзінің құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешімдер қ а б ы л д а й д ы .

13. Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің өз құзыретінің шегінде қабылдаған шешімдері барлық мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдардың, лауазымды адамдардың және азаматтардың орындалуы үшін міндетті.

14. Стандарттау, метрология және сертификаттау саласында бірыңғай ғылыми-техникалық саясат жүргізу - мемлекеттік стандарттар мен нормативтік құжаттарды бекіту және тіркеу үшін, сондай-ақ стандарттаудың, сертификаттаудың және өлшемдердің біртұтастығының мемлекеттік жүйелерінің жұмыс істеуін және оларды жетілдіруді қамтамасыз ету үшін Комитетте, жеке құрамын Комитеттің Төрағасы бекітетін, құрамында 9 адам бар алқа құрылады. Алқаның құрамына Комитет аппаратының қызметкерлері мен ведомстволық бағынысты мемлекеттік кәсіпорындардың басшылары кіре алады. Алқаның шешімі Комитеттің қаулыларымен бекітіледі. 15. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 3 шілдедегі N 634 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің ҚҰРЫЛЫМЫ Басшылық Стандарттау, метрология және мемлекеттік қадағалау басқармасы Сертификаттау, сыртқы байланыстар және қаржы-кадр жұмыстары басқармасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 3 шілдедегі N 634 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетіне ведомстволық бағынысты мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесі \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Рет| Кәсіпорындардың атауы |Орналасқан жері N | | \_\_\_\_\_  
1 |"

Метрология" республикалық мемлекеттік |Алматы қаласы |кәсіпорын | \_\_\_\_\_  
2 |"

Қазақстан стандарттау, метрология және |Астана қаласы |сертификаттау орталығы" республикалық | мемлекеттік кәсіпорны | \_\_\_\_\_  
3-20-жолдар алынып тасталды \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ 21|Стандарттар және стандарт үлгілері |Алматы қаласы |мемлекеттік ақпараттық орталығы | \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ 22| Мемлекеттік алкоголь өнімдерін |Алматы қаласы | өндірушілерді тексеру орталығы | \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ 23|"Казсертико" мемлекеттік ғылыми-практикалық |Алматы қаласы |орталығы | \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ 24 |"Стандарттау, метрология және | | сертификаттау саласында | | біліктілікті арттыру институты" | | республикалық мемлекеттік | | қазыналық кәсіпорны |Астана қаласы ЕСКЕРТУ. Тізбе 24-жолмен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1999.05.15. N 582 қаулысымен. P990582\_ ЕСКЕРТУ. Тізбеден 3-20-жолдар алынып тасталды, 2-жол жаңа



редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.06.14. N 743 қаулысымен. P990743\_

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК